

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

посредством специально разработанных принципов надлежащей практики корпоративного управления для Казахстана. Однако, нет сомнения в том, что должно быть более очевидным привлечение к этой работе представителей корпоративного сектора. Корпоративное поведение и корпоративная культура казахстанских компаний можно кратко описать следующим образом: В Республике не существует независимых директоров в «западном» понимании этого слова. Подход «Я проголосую за тебя, если ты проголосуешь за меня» является общепринятым, когда встает вопрос о принятии решений. Можно привести лишь несколько примеров, когда директора голосовали в лучших интересах всех акционеров. В будущем представляется, что понятие «независимый директор» будет означать, прежде всего, деятельность на профессиональной основе, с соблюдением определенных правил и деловой этики.

Список использованных источников

1. Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 декабря 2019 года № 1362 «О Концепции отраслевых стратегий, направленных на повышение качества и снижение стоимости инфраструктурных услуг».
2. Иванова, Е.А. Эволюция теорий корпоративного управления [Текст] / Е.А. Иванова // Научный поиск. По страницам докторских диссертаций / Рост. гос. эконом. ун-т «РИНХ». - Ростов н/Д, 2016. - Вып. 8. - 0,4 п.л.
3. Корпоративное управление: Владельцы, директора и наемные работники. Пер. с англ. / Фордхемский ун-т; Под ред. М. Хесселя. - М.: Джон Уайли энд Санз. 2017 - 240 с.

ОӘК 330.3


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН БАСҚАРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Жантелеуова Гүлден Мендіханқызы

zhanteleuova@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, 3 курс докторанты,
Астана қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к. – Избасарова Л.Б.

Зерттеушілер қазіргі уақытта әлеуметтік кәсіпкерліктің бірыңғай анықтамасын айқындаған жоқ. Әртүрлі авторлардың пікірінше, әлеуметтік кәсіпкерліктің мәнін толық көрсететін анықтаманы Хелен Хох пен Пол Трейси берген: «Әлеуметтік кәсіпорындар әлеуметтік мақсат үшін коммерциялық операциялармен айналып, олар инновацияны, кәсіпкерлікті және әлеуметтік мақсатты біріктіру арқылы коммерциялық қызметтен түскен табыс арқылы қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге тырысады. Әлеуметтік кәсіпкерлердің миссиясы: әлеуметтік артықшылықтарды қаржылық пайдадан жоғары қоюда. Пайда болған артықшылықтар - оны басқаратын адамдар емес, әлеуметтік кәсіпорынның «клиенттері» үшін қолданылады» [1, 32-бет].



Сурет 1. Әлеуметтік кәсіпкерліктің инновациялық шешімдерінің тәсілдері


Осы анықталған пікірге сүйене отырып, әлеуметтік кәсіпкерлікке мынадай сипатталатын ұйымдарды жатқызуға болады: әлеуметтік әсер, инновация, өзін-өзі қамтамасыз ету, қаржылық тұрақтылық, масштабталу және таралу, мүмкіндіктер табуға, ресурстарды жинақтауға, қоғамға тұрақты оң әсер ететін инновациялық шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік беретін кәсіпкерлік тәсіл.

Бұл бағыт тиімді сұраныстың шекарасын кеңейту арқылы халықтың әлсіз қорғалатын әлеуметтік топтарын бизнеске тартуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар жаңа экономикалық инфрақұрылым нысандарын құруға мүмкіндік береді. Бұл бизнес сегментінің дамуы үшін реттеуші құрылымдардың жоқтығын, әлеуметтік саладағы қызмет туралы ақпараттың жеткіліксіздігін, сондай-ақ инновациялардың шағын ауқымына байланысты баяу қарқынын көрсетеді. Осы салада мақсатты мемлекеттік саясатты құру қажеттілігі - әлеуметтік саладағы инновациялық процестерді жетілдіруге өзіндік ықпал етеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік - әлеуметтік қызметтерді дамытудың инновациялық бағыты ретінде әрекет етеді. Әлеуметтік инновациялар – бұл әлеуметтік мәселелерді шешуге және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған стратегиялар, тұжырымдамалар, идеялар түріндегі жаңалықтар. Әлеуметтік инновацияның шекарасы біршама кең: еңбек жағдайын жақсартудан, білім беруде жаңа қызметтердің пайда болуы, қоғам мүддесіне әрекет ететін инновациялық қауымдастықтар құру, мемлекеттік саясат пен басқаруды жаңғырту және т.б.

Әлеуметтік инновацияның мақсаты – қоғамның дамуына қолайлы жағдай жасау. Сондықтан, инновациясыз әлеуметтік кәсіпкерлік қоғамды әлеуметтік мәселелердің шешімімен қамтамасыз ете алмайды. Жаңашыл идеялар мен оны жүзеге асыру ғана келеңсіз әлеуметтік мәселелерді оң бағытқа айналдыра алады. Коммерциялық сектордағы іскер адамдар жаңа бизнес үлгілерін ашумен сипатталса, әлеуметтік кәсіпкерлер де әлеуметтік мәселелердің жаңа, түбегейлі шешімдерін тауып, оларды жүзеге асырады. Олар басқа адамдар көрмейтін мүмкіндіктерді көреді және жаңа тәсілдер енгізумен қоғамға оң өзгерістер әкелетін шешімдерді ұсыну арқылы жүйені жақсартады.

Әлеуметтік инновация өткен ғасырда ғылымға ене отырып, әсіресе дамыған елдерде кең үрдіс ала бастады. Мысалы, әлеуметтік инновация Скандинавия мемлекеттерінде қатты дамыған. Бұл елде жаңа білім мен кәсіпкерліктің іске асуы тез қарқынды жетілуде, ал оларға мыңдаған қоғамдық ұйымдар серпіліс беруде. Жаңа өркениет рухани дамуға негізделген: іргелі ғылымға, жаңа білімге, мәдениетке, қоғамның тұрақтылығына, мораль, тәрбие, жанұяға т.б. Осы салаларда инновациялық жаңалықтар көп болу үшін әр мемлекет инвестиция салуды, инновациялық жобаларды жасап, іске асыру қажет.




Сурет 2. Әлеуметтік инновациялар

Қазақстанда әлеуметтік инновация саласы өте баяу дамуда. Қазақстандағы әлеуметтік инновацияға әсер ететін салалар болып: жаңа білім, ғылым, жергілікті өзін-өзі басқару, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар салалары.

Әлеуметтік инновациялар – қоғамның сұранысына сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асыратын, инновациялардың әртүрлі түрлерін енгізу, ресурстар мен ұйымдардың әлеуметтік әлеуетін тиімді пайдалану арқылы өткір әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған мақсаттар мен жүйелі түрде жүзеге асырылатын жаңалықтар [2, б. 319].

Бизнестегі әлеуметтік инновациялар – бұл тиісті өнімдерді, қызметтерді өндірудегі, еңбек пен басқаруды ұйымдастырудағы, белгілі бір әлеуметтік мәселелерді шешетін ресурстардың жаңа комбинациясындағы коммерцияланған әлеуметтік бағытталған инновациялар.



Сурет 3. Қазақстандағы әлеуметтік инновацияға әсер ететін салалар

Әлеуметтік инновацияның қажеттілігі бірқатар себептермен түсіндіріледі: әлеуметтік топтар арасындағы теңсіздіктің тереңдеуімен, мемлекеттің әлеуметтік саясатының жетілмегендігімен, халықтың әлеуметтік қажеттіліктерінің кеңеюімен, экономиканы дамыту үшін толық пайдаланылмаған ресурстардың болуымен, экономиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының жоғарылауымен, әлеуметтік-экономикалық дамудың кеңеюі. әлеуметтік либералдық идеялар, әлеуметтік корпоративтік жауапкершіліктің өсуі және т.б.

Кез келген мемлекет қаншалықты әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырғанмен, қоғамның және жеке кәсіпкерліктің қатысуынсыз барлық әлеуметтік проблемаларды және осыған байланысты қойылған міндеттерді өз бетінше шеше алмайды. [3, б. 104 – 106].

Әлеуметтік инновация қоғамдық қатынастар мен білім арқылы адамның рухани мүмкіндіктерін жүзеге асырудан пайда болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кикал Дж. Социальное предпринимательство: миссия – сделать мир лучше / Джилл Кикал, Томас Лайонс; пер. с англ. – М.: АЛЬПИНА ПАБЛИШЕР, 2014. – 304 с.
2. Калюгина С.Н. Инновации в социальной сфере организации: сущность, виды, отличительные характеристики// Сб. матер. Второй международ. научно-практ. конф. «Проблемы развития инновационно-креативной экономики». – М.: Креативная экономика, 2010. С. 319-322.
3. Аминов И.И. Социальное государство: опыт стран Северной Европы // Государственно правовая политика в Северо-Западном регионе. Сб. матер. Международ. научно-практ. конф. (3 – 4 дек. 2009). С. 104 – 106.